Елімізде қалыптасқан дінаралық татулық, ұлтаралық келісім тәуелсіз еліміздің басты жетістіктерінің бірі. Рухани келісім, ұлттар мен дәстүрлі діндар арасындағы бірлік-баға жетпес байлығымыз, ал тұрақтылық -тұғырымыз. Елдің әлеуметтік- экономикалық көрсеткіші халықтардың өзара татулығы негізінде дамитыны белгілі. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «Алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық», - деп айтты. Бұл құндылықтарды жастарға баулу маңызды, сондықтан барлық оқу орындарында студенттердің бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса назар аударды. Елбасы 2013 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс», - деді. Осы орайда, жастарға сапалы білім мен тәрбие беру, оқытудың инновациялық әдістемелерін енгізу арқылы, студентті қажетті ақпаратты іріктеуге, талдай білуге, инновациялық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету маңызды.

Жас ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімді, ұлттар мен ұлыстардың ынтымақ пен бірлікті қалыптастыруда қалыптасқан конфессияаралық өзара түсіністік пен сыйластықты тәрбиелеуде жоғары оқу орынында «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқытылады. Курс мазмұны дінтануды оқытуды ашып көрсетуге, қазіргі дінтануды оқыту әдістемесіндегі өзекті проблемаларды әдістемелік тұрғыдан қарастыруға бағытталған. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы жоғары оқу орынында оқып үйрену қазіргі Қазақстандағы дінтануды оқытудағы өзекті проблемаларды, дінимәдениеттілік туралы білімдер негізін игеруге, студенттердің санасында ұлттық бірлікті қалыптастыруға, олардың түрлі көзқарастар жүйесі бойынша дұрыс ой қорытындылауына, ұлтаралық және дінаралық келісім мен төзушілікке тәрбиелеуге септігін тигізеді. Болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагогмамандар даярлауда студент-жастарды оқытудың жаңашыл әдістемесімен, мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсінуге септігін тигізеді. Осы орайда, «Дінтануды оқытудың әдістемесі» пәнінің мазмұнын, оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерін меңгерудің,

педагогикалық технологияның қыр-сырын терең игерудің, оны күнделікті сабақта өз тәжірибесінде пайдалана білудің орны ерекше.

Осындай маңызды міндеттерді **іске асыру үшін жоғары оқу орындарында** «Дінтануды оқытудың әдістемесі»**курсы оқып үйретіледі.**

Курстың **мақсаты** – студенттерде жалпы білім беретін мектеп пен жоғары оқу орынында дінтанушылық білім беру туралы кешенді түсінік қалыптастыру, қазіргі дінтануды оқытудың мақсаты, міндеттері, **мазмұны, қағидалары туралы білімдерін тереңдету** және оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі ерекшеліктермен және білім беру технологиясындағы өзекті проблемалармен таныстыру. Дінтануды оқыту әдістемесі бойынша қазіргі әдіс-тәсілдерді меңгерген дінтану мамандарын даярлау. Студенттерді бүгінгі таңдағы дінтанудағы басты проблемаларды еркін бағдарлай білуге дайындау және кәсіби-педагогикалық құзіреттілігін қалыптастыру, алған білімдерін өз өмір тәжірибесінде пайдалануы және педагогикалық практика кезінде бекітуі.

«Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсының негізгі **міндеттері:**

- дінтану курсының мақсаты, міндеттері және функциясы туралы білімдерін тереңдету;

- нақты педагогикалық міндеттерді шешуде дінтанудан теориялық білімдерін тереңдету және бекіту;

- студенттерде жалпы білім беретін мектеп пен жоғары оқу орынында қазіргі дінтанудан білім беру туралы, оның нормативтік және әдістемелік жағынан қамтамасыздандыруы, білім беру әрекетінің дидактикалық негіздері туралы кешенді түсінік қалыптастыру;

- дінтануды оқыту негіздерімен таныстыру және ерекшелігін ескеру;

- дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін түсінуде түрлі көзқарастармен таныстыру;

- қазіргі кезеңдегі дінтануды оқытудағы өзекті мәселелерді дұрыс талдай алу, өзіндік көзқарасын қалыптастыру;

- Қазақстандағы қазіргі діни жағдай, өзекті проблемалары мен оны оқытудың тиімді жолдарын жақсы меңгеру;

- жалпы білім беретін және жоғары мектеп жүйесінде дінтанушылық тақырыптағы пәндерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері;

- студенттердің оқытудың инновациялық технологиясын ұтымды пайдалануы, өз тәжірибесінде қолдану нәтижесінде алған теориялық білімдерін қорытындылай және жүйелей алуы;

- студенттерді нағыз қасиеттерін, имандылығын, діни мәдениеттілігін қалыптастыру, оларды өмірге дайындау;

- болашақ дінтану мамандарына білім беруде АКТ пайдалану барысында кәсіби сапаларын дамыту, құзіреттілігін қалыптастыру керек.

«Дінтануды оқытудың әдістемесі»**курсын оқыту барысында студент білуі керек:**

- жалпы білім беретін мектеп пен жоғары оқу орны жүйесіндегі дінтану пәндерін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін;

- дінтануды оқыту әдістемесінің дамуындағы өзекті проблемалар мен қазіргі тенденцияларды;
- дінтануды оқыту әдістемесінде қалыптасқан түрлі бағыттардағы негізгі әдістер мен көзқарастарды;
- дін, дінтануды оқыту пәні мен әдісі туралы қазіргі кезеңдегі пікірталастарды;
- Қазақстандық білім беру жүйесінде дінтанудың орны туралы болашақ ұстаздарға түсінік беру;
- білім беру саласы ретінде отандық дінтануға деген қызығушылық туғызу.

- студентбілуі тиіс:

- дінтанушылық ақпаратты жинау, талдау, оқыту процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану;
- түрлі ақпарат көздерінен ақпараттарды іздеп табу; мазмұнын білу, талдау, олармен өздігінше жұмыс жасау;
- дінтануды оқытуға қажетті ақпараттарды табуда түрлі ресурстарды (кітап, журнал, электрондық құралдар, Интернет) қолдану;
- діни өмірдің көптүрлілігін ашып көрсететін деректермен өздігінше жұмыс жасау;
- ғылыми еңбектерді таңдау, сыни тұрғыдан салыстыру, сұрыптау, жүйелеу, өзіндік қорытынды жасау, конспектілеу, одан қажетті материалды ала білу, зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- түрлі діни және дүниетанымдық сенімдегі адамдарды құрметтеу және толеранттылыққа тәрбиелеу;
- оқытудың ұйымдастырушылық ұтымды формалары мен әдістерін таңдау және пайдалана алу;
- базалық дінтанушылық ақпараттарды түсіну, өз ойын білдіру, сыни тұрғыдан талдау;
- дінтануды оқытуда дидактикалық материалдар мен көрнекілік құралдарды дайындау;
- дінтануға қатысты деректерді сынау және мәліметтерді ұтымды іздеу;
- әрбір адамның бойында жауапкершілік, сабырлылық, шыдамдылық, сыйластық сияқты адами қасиеттердің болуы;
- дінтанудағы қазіргі проблемалар бойынша ғылыми тұрғыдан пікір алмасу және логикалық ойлау;
- дінтануды оқытудағы өзекті мәселелер бойынша өзіндік пікірінің болуы және шығармашылық ойлау дағдысы болуы керек.

Студент меңгеруі тиіс:

- дінтану пәндерін оқыту негіздерін;
- дінтанушылық ұғымдар мен терминдердің анықтамасын, мазмұнын;
- дінтану пәндерін оқып үйренуде оқытудың тиімді формалары мен әдіс тәсілдерін, техникалық құрал жабдықтарды пайдалануы;

- дінтанушылық базалық білімдерін практикада пайдалана алуы, ғылыми әдебиеттерге аннотация жасауы, теориялық дінтанушылық білімдері мен дінтанушылық зертеу әдістерін тәжірибеде қолдануы;

- дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін оқытуда АКТ-ны ұтымды қолдануы;

- **инновациялық әдістер мен оқыту технологиясының** негізгі функциялары, мазмұны мен құрылымы, ерекшеліктері, пайдалану жолдары;

- дінтанушылық пәндерді оқыту барысында орта пен жоғары білім беру жүйесінде дінтануды оқыту әдістемесінен алған базалық білімдерін қолдануы.

Пән пререквизиттері:

«Әлемдік діндер тарихы», «Әлемдік өркениеттер тарихы», «Мәдениеттану», «Тарихты оқыту әдістемесі», «Дінтану негіздері», «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы», «Педагогика», «Психология», «Педагогика тарихы».

Пән постреквизиттері:

«Білім берудегі инновациялық үдерістер», «Деректану», «Тарихнама», «Әлемдік мәдениет тарихы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Әлеуметтану», «Саясаттану», «Деректану», «Адам.Қоғам», «Қосалқы тарихи пәндер», «Философия».

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Кіріспе. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсының мақсаты мен мазмұны.

2. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқыту үрдісінде ұғымдарды қалыптастыру.

3. Жалпы білім беретін мектепте «Дінтану негіздері» курсы оқып үйрену.

4. «Дінтану негіздері» курсы оқытудағы дәстүрлі және интерактивті оқыту әдістері.

5. Сабақ оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде.

6. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда инновациялық технологияны пайдалану.

7. «Дінтану негіздерін» оқытуда көрнекілік құралдар мен компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін пайдалану.

8. «Дінтану негіздерін» оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

9. «Дінтану негіздері» курсы оқыту үдерісіндегі өзіндік жұмыстар.

10. «Дінтану негіздері» курсы оқытудағы сабақтан тыс жұмыстар.

11. Жоғары оқу орнында «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқыту әдістемесі.

12. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсының дүниетанымдық негіздері.

13. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқытудағы аудиториялық сабақтар мен оның формалары.

14. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқытуда құжаттар мен деректерді қолдану әдістемесі.

15. Жоғары оқу орыны мен мектепте оқыту нәтижесін бақылау мен бағалау әдістемесі.

«Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсы оқыту үрдісінде студент төмендегідей құзыреттіліктерді меңгеруі қажет:

- тарихтың, діннің басты құндылықтарын түсіну, жастардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, діни мәдениеттілігін дамытуда оқытудағы педагогикалық технологияның тұжырымдамалық, ғылыми-педагогикалық негіздерін игерумен байланысты құнды-мағыналы құзыреттілік;

- оқушылардың таным белсенділігін арттыру мақсатында дінтанушылық білім беру мен рухани-адамгершілікті қалыптастыруда білім, дағды мен біліктерді пайдалануға байланысты қалыптасатын оқу-танымдық құзыреттілік;

- болашақ маманды даярлауда дін тарихы, дінтануды оқытуға қатысты ақпараттар мен әдебиеттермен жұмыс істегенде компьютерлік техника мен ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану біліктерін игеруді қамтамасыз ететін ақпараттық құзыреттілік;

- жоғары және жалпы білім беру жүйесінде дінтануды оқыту әдістемесінде алған базалық білімін қоғамдық, дінтанушылық және философиялық пәндерді оқытуда пайдалану біліктерін қамтамасыз ететін коммуникативтік құзыреттілік;

- жеке адамның шығармашылық, рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытуға бағытталған тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі.

ПӘН МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе. «Дінтануды оқытудың әдістемесі» курсының мақсаты мен мазмұны

Қазақстандық зайырлы білім берудің: мақсаты, міндеттері, даму тенденциясы мен өзекті мәселелері. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытуға, дін тарихы мен дінтануды оқыту саласы бойынша, жаңашыл технологияларды пайдалануға қатысты басты заңдары, нормативті құжаттары. «Адам құқығының жалпы декларациясы», «Әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт», «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Азаматтық Кодекс», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер және дін тұту еркіндігі туралы» Заңы, «Діни сенім және діни бірлестіктер туралы» заңы және т.б. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, соның негізінде түрлі оқыту сатылары мен пәндердегі

дінтануды оқыту мәселесі. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және ондағы дінтанушылық білім берудің орны. Қазақстан Республикасында қазіргі дінтанушылық білім беру. Жастарға зайырлы білім негіздерін беру, діни мәдениеттілікке тәрбиелеу.

«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының мақсаты, негізгі функциялары, мазмұны мен құрылымы. Курстың жалпы сипаттамасы мен оның негізгі ерекшеліктері. Курсты оқытудағы негізгі дидактикалық ұстанымдар. Курстың жастарға зайырлы білім мен имандылыққа тәрбиелеу жүйесіндегі орны мен қазіргі жағдайы.

2. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсын оқыту үрдісінде ұғымдарды қалыптастыру

Курстың негізгі ұғымдары мен идеялары. Ұғымдардың қорытындылау дәрежесі мен мазмұнының сипатына байланысты жіктелуі. «Дін», «дінтану», «оқыту», «білім беру», «тарих», «технология», «педагогикалық технология», «әдістеме» ұғымдарының мазмұны, олардың өзара байланысы. Дінтануды оқытуда түсініктер мен ұғымдардың қалыптасу ерекшеліктері. Қоғам дамуындағы дінтануды оқыту үдерісінің мәні мен рөлі. Білім алушылардың отаншылдық, азаматтылық және имандылық сезімін қалыптастыруда ұғымдар мен идеяларды меңгерудің мәні. Ұғым қалыптастырудағы негізгі әдістемелік шарттар, тәсілдер мен құралдар. Дінтануды оқыту курсына негізгі идеялар мен ұғымдар жүйесін қалыптастырудағы мұғалімнің жұмыс әдістемесі.

3. Жалпы білім беретін мектепте «Дінтану негіздері» курсын оқып үйрену

Мектепте «Дінтану негіздері» курсын оқытудың қажеттілігі. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, соның негізінде түрлі оқыту сатылары мен пәндердегі дінтану мәселесі. Қазақстанда дінтануды оқыту тарихы. «Дінтану негіздері» курсының мақсаты, міндеттері мен функциялары. Мектепте «Дінтану негіздері» курсын оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мақсаты мен орны. Дінтануды оқытудың мазмұны мен құралдары. Қоғамдық білім негіздері мен тарихи пәндерде оқытудағы дінтану мәселесі. Қазіргі мектептегі «Дінтану негіздері» курсының жаңа бағдарламасының мазмұны. «Дінтану негіздері» оқулықтарының сипаттамасы. «Дінтану негіздері» курсын оқытудың қазіргі жағдайы. «Дінтану негіздері» курсын оқытудағы өзекті мәселелер.

4. «Дінтану негіздері» курсын оқытудағы дәстүрлі және интерактивті оқыту әдістері

«Белсенділік», «инновация», «әдіс», «тәсіл», «интерактивті оқыту әдісі» ұғымдарының мәні. Дәстүрлі және интерактивті оқыту әдістері. Интерактивті оқыту әдістерінің мақсаты, міндеттері, талаптары, ұстанымдары мен сипаттамасы.

«Дінтану негіздері» курсын оқытудағы интерактивті оқыту әдістерін пайдаланудың мүмкіндіктері. Интерактивті оқыту әдістемесінде басты білім көзі оқушылардың өмірлік тәжірибесі. Оқушылардың өзара және оқушы мен

мұғалімнің арасындағы іс-әрекет. Интерактивті оқыту әдісін пайдаланудағы мұғалім мен оқушының орны мен қызметі. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда инновациялық әдістерді қолданудың тиімді жолдары.

5. Сабақ оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде

Оқытуды ұйымдастыру түрі (формасы) сабақ. «Дінтану негіздері» сабағындағы оқытудың түрлері, әдістері, тәсілдері мен құралдары. «Дінтану негіздері» сабағына қойылатын қазіргі талаптар. «Дінтану негіздері» курсы оқытудың негізгі дидактикалық ұстанымдары. Сабақтың құрылымы. «Дінтану негіздері» курсы бойынша мұғалімнің сабаққа дайындығы. Дінтану негіздері мазмұнын іріктеу. Сабақтың түрлерін таңдау. «Дінтану негіздері» бойынша сабақты күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау. Конспект, сабақ жоспарлары. «Дінтану негіздері» сабағында: жаңа материалды оқып үйрену, сабақты пысықтау және білімін тексеру.

«Дінтану негіздері» курсы оқыту үдерісінде қолданылатын түрлері: сабақ, семинар, факультатив, экскурсия т.б. Оқыту формалары: жұппен жұмыс, кіші топтағы жұмыс, фронтальдық (ұжымдық, танымдық іс-әрекеттер элементтері), кездесу кештері, пән апталығы, байқаулар, топтық жаттығулар т.б.

Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтарға қойылатын талаптар, жалпы ережелер, жұмыс істеу тәсілдері мен сипаттамасы.

6. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда инновациялық технологияны пайдалану

«Инновация, жаңашыл жүйе, инновациялық үрдіс», «технология», «педагогикалық технология, педагогикалық жүйе» ұғымдары, мазмұны. Педагогикалық технологияның міндеттері, функциялары, кезеңдері, түрлері мен ерекшеліктері. Түрлі оқыту технологиялары: дәстүрлі және замануи; модульдік-рейтингтік; проблемалық, программалық, қашықтан оқыту; сабақта және сабақтан тыс; топтық және жеке; дербестіндіру мен саралау (дифференция) т.б.

Педагогикалық инновация, оның ерекшеліктері, жаңашыл мұғалімдер жұмысындағы жаңашылдық. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда инновациялық педагогикалық технологияны пайдаланудың маңызы мен тиімділігі.

«Дінтану негіздері» курсы оқытуда жаңашыл педагогикалық технологиялар: дамыта оқыту, саралап деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту, жеке тұлғаға бағытталған, интерактивті оқыту, жобалық, ойын, трек сигналдар бойынша оқыту технологияларын пайдаланудың мақсаты, міндеттері, ерекшеліктері мен ұстанымдары. Педагогикалық технологияларды қолданудағы оқытушы мен оқушының қызметі мен ролі. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда жаңашыл педагогикалық технологияларды пайдаланудың әдістемесі.

7. «Дінтану негіздерін» оқытуда көрнекілік құралдар мен компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін пайдалану

Оқыту құралдары, көрнекілік туралы жалпы сипаттама. Дінтануды

оқытуда көрнекіліктердің жіктелуі. Көрнекіліктердің психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктері.

«Дінтану негіздері» сабағындағы көрнекі құралдар мен түрлері. Заттай, бейнелі және шартты көрнекілік. «Дінтану негіздері» сабағында көрнекі құралдарды пайдаланудың мақсаты, мазмұны, сипаттамасы. «Дінтану негіздерін» оқытуда көрнекілік құралдарды пайдаланудың маңызы мен оны пайдалану тәжірибесі. Көрнекілік пайдалануда жас ерекшеліктерді ескеру. «Дінтану негіздері» сабағында оқу картинасымен жұмыс істеу тәсілі. «Дінтану негіздері» оқулығындағы иллюстрациялармен жұмыс әдістері. «Дінтану негіздерін» оқытудағы шартты-графикалық көрнекіліктер мен пәндік көрнекіліктер, оның танымдық құндылығы мен әдістемесі. Суретті көрнекілік және оның эстетикалық құндылығы. Көрнекіліктердің оқушылардың ойлауын дамытудағы және есте сақтауындағы рөлі.

Аудиовизуальдық оқыту құралдары. Экрандық құралдар: мультимедиалық фильм, электронды оқулық пен интерактивті тақтаны пайдалану. «Дінтану негіздерін» оқытуда оқу диафильмі, диапозитивтер, кинофильм, радио, ұнтаспалар, бейнетаспалар, теледидар хабарлары, электронды оқулық, мультимедия материалдарын, интерактивті тақта, интернетті пайдаланудың мақсаты, міндеттері, мазмұны мен құрылымы. «Дінтану негіздерін» оқытуда экрандық құралдарды пайдаланудың мәні, ерекшеліктері, мүмкіндіктері, кемшіліктері мен тиімді жолдары.

«Дінтану негіздерін» оқытуда оқу-техникалық және аудиовизуальдық құралдармен практикалық жұмыстар (студенттердің таңдауы бойынша).

8. «Дінтану негіздерін» оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану

«Ақпарат», «коммуникация», «компьютерлік технология», «қашықтан оқыту технологиясы» ұғымдары. ЖОО және мектепте дінтанушылық білім беру үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды және интернет пен компьютерді пайдалану. «Дінтану негіздерін» оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың жалпы ережелері, мүмкіндіктері, ерекшеліктері мен әдістемесі. Оқытушы мен оқушының қызметі мен орны. Қашықтан оқыту технологиясын пайдаланудың ерекшеліктері мен сипаттамасы. «Дінтану негіздерін» оқытуда АКТ пайдаланудың келешегі. Компьютерлік бағдарламалық технологиялар. Моделдеу, интерактивті оқыту құралдары. Өзінің жеке тәжірибелік жұмысын талдау және қорыту (студенттердің таңдауы бойынша).

9. «Дінтану негіздері» курсының оқыту үдерісіндегі өзіндік жұмыстар

«Өзіндік жұмыс» ұғымы. «Дінтану негіздерін» оқыту үдерісіндегі оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мақсаты, міндеттері. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың мәні. Өзіндік жұмыстың түрлері. «Дінтану негіздерін» оқытуда оқушылардың оқулық, түрлі деректер, құжаттар, мұрағат материалдары, көркем әдебиет және хрестоматиямен өзіндік жұмыс істеу әдістемесі. Оқушылардың белсенділігін арттыруда және зерттеушілік жұмыстарын дамытудағы өздік жұмыстарының

маңызы. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері және оны бақылау.

10. «Дінтану негіздері» курсының оқытудағы сабақтан тыс жұмыстар

«Дінтану негіздері» курсының оқытудағы сабақтан тыс жұмыстардың мақсаты, міндеттері. Сабақтан тыс жұмыстардың жалпы сипаттамасы және оның сабақтан ерекшелігі. «Дінтану негіздерін» оқытудағы сабақтан тыс жұмыстардың білімдік-тәрбиелік, практикалық маңызы. Сабақтан тыс жұмыстардың оқушылардың білімін тереңдетудегі, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырудағы және танымдық қабілеттерін дамытудағы рөлі. Пән бойынша сабақтан тыс жұмыстың мазмұны, әдістері, формалары, бағыттары мен ерекшеліктері.

«Дінтану негіздерінен» сабақтан тыс оқытуды ұйымдастыру формалары: факультативтер, үйірмелер, олимпиадалар, конференциялар, пікірсайыстар, т.б. Факультативтік сабақтар мен экскурсияларды өткізудің ерекшеліктері мен оларға қойылатын талаптар.

11. Жоғары оқу орнында «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқыту әдістемесі

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру жүйесінде дінтануды оқыту: тарихи шолу, қазіргі жағдайы, жалпы мақсаты, мазмұны, оқытудың әдістері мен тәсілдері, келешегі; дінтанудан білім беру үрдісінің әлеуметтік негізделуі. Қазақстанда дінтануды оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен тарихи тәжірибесі.

«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы пәні, мақсаты мен маңызы. Курстың міндеттері, мазмұны, құрылымы мен құралдары. Дінтануды оқытудың білімдік, тәрбиелік және практикалық мақсаттары. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерінің» педагогикалық пәндер жүйесіндегі орны. Дінтануды оқыту әдістемесінің басқа пәндермен байланысы. Педагогика, дидактика, әдістеме. Әдістеменің түрлері: стихиялық және саналы, теориялық және практикалық, жалпы және жеке дара әдістеме.

Жоғары оқу орнында дінтануды оқытудағы дінтанушылық білім беру мен оқыту үдерісін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері. Жоғары мектепте дінтануды оқытудың сапасы мен барысын анықтайтын негізгі құжаттар: білім беру стандарты, типтік оқу бағдарламасы, курстың бағдарламасы, лекция, семинар-практикалық сабақтардың жоспарлары.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде дін тарихы, дінтануды оқыту мәселесі. Гуманитарлық және жаратылыстану факультеттеріндегі дін тарихы, дінтануды оқыту пәндерінің типтік бағдарламалары. Жоғары оқу орнында дінтану пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері: силлабустар мен оқу жұмыс бағдарламаларына сипаттама. Оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдардың мазмұны, ерекшеліктері. Студенттердің дінтануды оқытуда өздік жұмыстарын ұйымдастырудың түрлері: әмбебап мәтіндерді оқу, семинар сабақтарына дайындалу, рефераттар жазу, ғылыми конференцияларда баяндама жасау, ғылыми зерттеу жобаларына қатысу, т.б. Консультацияның түрлері: кіріспе, ағымдық, қорытынды.

Дінтанушылық білім берудегі құзіреттілік тұрғы және оны іске асыру. «Құзірет», «құзіреттілік» ұғымдары. Қазақстандағы дінтануды оқытудың әдістемесін зерттеудегі жаңа ізденістер мен негізгі проблемалар.

12. Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерінің дүниетанымдық негіздері

«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерінің» дүниетанымдық негіздері мен өзекті әдістемелік мәселелері. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім беру мен дін.Пәнді оқып үйренуде «дін адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт, ерекше қоғамдық сана мен әлеуметтік құбылыс» ретінде ашып көрсету әдістері. Діни білім берудің мақсаттылығы. Зайырлы және діни оқыту: мақсаты, мазмұны мен ерекшеліктері. Діни және дінтанушылық білім беру: ұғымдарының арақатынасы мен ерекшелігі. Жоғары мектептегі дінтанушылық білімнің тәрбиелік мүмкіндіктері. Бейтараптылық әдіснамалық ұстанымы. Жастардың дін мен діни мәдениеттілікке деген қатынасы. Рухани-адамгершілік тәрбиесі және оны іске асырудың формалары мен жолдары. Жастарды діни төзушілікке, толеранттылыққа тәрбиелеу мәселесіндегі қиыншылықтар мен проблемалар.

13. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытудағы аудиториялық сабақтар мен оның формалары

«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытудағы дәріс-семинар жүйесі. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда дәріс-семинар жүйесінің мақсаты мен міндеттері. Дәріс-семинар жүйесінің маңызы мен тиімділігі.

Дінтануды оқыту курсының дәрісті оқыту әдісі ретінде пайдалану. Дәрістің мәні мен негізгі ұстанымдары. Дәріс материалы мен оқу әдебиетінің арақатынасы. Дінтану курсының оқытуда дәріс оқуға қойылатын негізгі талаптар.

Дәрістің түрлері: ақпараттық, проблемалық, ситуациялық, монолог, диалог ретіндегі дәріс, бейнетаспа дәрісі, пресс-конференция дәрістерін жүргізу әдістемесі.

Дінтануды оқытуда семинар сабақтары негізгі оқу формасы ретінде. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда семинардың маңызы мен мазмұны. Дінтануды оқыту курсының семинарды ұйымдастырудың ерекшеліктерімен сипаттамасы. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытудағы семинардың түрлері мен өткізу технологиясы, жетістігі мен кемшілігі. Оқу және ғылыми семинар.

Семинар сабақтарында студенттердің белсенділігін арттыру құралдары. Семинар сабақтарында студенттердің білім нәтижесін бақылау мен бағалау. Дінтануды оқытуда практикалық жұмыстарды өткізудің әдіс-тәсілдері мен тиімді жолдары.

14. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда құжаттар мен деректерді қолдану әдістемесі

Дінтануды оқытудағы құжаттардың рөлі мен мәні. Дінтануды оқытуда қолданылатын құжаттық материалдың негізгі түрлері. Құжаттық материалдың жіктелуі. Әдістемелік еңбектердегі дінтанушылық білім деректерінің жіктелуі.

Дінтанушылық құжаттар, баяндаушы-сипаттаушы құжаттар, көркем сөз естеліктері, т.б.

Тарихи және дінтанушылық деректердің түрлері. Дінтанушылық деректерді оқып үйренудің ерекшеліктері мен әдістемесі. Дінтанушылық деректің сипаттамасы.

Дінтанушылық құжаттар мен деректерді оқып үйренудің тәсілдері: оқытушының лекцияда құжаттарды пайдалануы; деректі түсіндірмелі оқу; студенттердің құжаттарды талдауы, қорытынды жасап, өз пікірін білдіруі; құжаттарды талдау барысында білім алушының проблемалық- танымдық, интерактивті тапсырмаларды орындауы шешуі, т.б. Студенттердің дінтанушылық бағыттағы құжат, дерек, оқулық, қосымша әдебиетпен өзіндік жұмыс істеу тәсілдері. Дін, дін тарихы, дінтануды оқытуға қатысты деректер мен құжаттар және оқу әдебиетімен жұмыс әдістемесі. Деректі конспектілеу.

15. Жоғары оқу орыны мен мектепте оқыту нәтижесін бақылау мен бағалау әдістемесі

«Дінтану негіздерін» оқытуда оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың мақсаты мен міндеттері, талаптары. «Бақылау», «бағалау», «диагностика» ұғымдарының өзара байланыстылығы. Оқыту нәтижесін тексеру мен бағалау. Оқытудың сапасы мен жетістіктерін бағалау механизмдері. Оқыту нәтижесін тексеруді ұйымдастыру, формалары мен түрлері. «Дінтанудың негіздері» курсына оқушылардың білімін бағалау әдістері мен әдістемесі.

Студенттердің білімі мен біліктерін тексеру мен бақылауды ұйымдастырудың негізгі формалары мен әдістері: оқу тапсырмалары, тестер мен емтихан. Зачет, ағымдық, қорытынды бақылау, емтиханның мақсаты, түрлері, ұйымдастыруы мен өткізілуі. Студенттердің үлгерімінің рейтингтік бақылау жүйесі мен аттестациясы. Студенттердің өзіндік жұмысында ағымды және қорытынды бақылауды өткізу әдістемесі.

Білім сапасын бақылаудың жаңашыл формасы- тестілеу. Тестілеу, мемлекеттік емтихандарды өткізу, оқыту нәтижесін бағалау. Оқу портфолиосы. Білім алушылардың үлгерімін бақылау мен бағалау жүйесі. Оқыту сапасының мониторингі мен бағалау механизмі. Оқыту нәтижесін бағалау мен өлшемдік проблемалар.

Семинар және практикалық сабақтардың тақырыптарының тізімі

№	Тақырыптардың аттары
1	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының мазмұны мен сипаттамасы.
2	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсын оқытуда ұғымдарды қалыптастырудың жолдары.
3	Жалпы білім беретін мектепте «Дінтану негіздері» курсын оқып үйренудің әдістемесі.
4	«Дінтану негіздері» курсын оқытуда интерактивті оқыту әдістерін пайдаланудың жолдары

5	«Дінтану негіздерін» оқытуда дәстүрлі емес сабақты өткізудің әдістемесі.
6	«Дінтану негіздері» курстарын оқытуда инновациялық педагогикалық технологияны пайдаланудың ұтымды жолдары.
7	«Дінтану негіздерін» оқытуда көрнекілік құралдарды пайдаланудағы тиімді әдіс-тәсілдер.
8	«Дінтану негіздерін» оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың тиімді әдістері.
9	«Дінтану негіздерін» оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру.
10	«Дінтану негіздерін» оқытудағы сабақтан тыс жұмыстардың тәрбиелік мәні.
11	Жоғары оқу орнында «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін» оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелерді шешу жолдары.
12	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерінің» дүниетанымдық негіздері мен мазмұнына сипаттама.
13	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда дәріс пен семинар жүргізудің тиімді әдістері.
14	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда құжаттар мен деректерді қолданудың әдістемелік жолдары.
15	Жоғары оқу орны мен мектепте білім жетістіктерін бақылау мен бағалаудың механизмі.

Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары тізімі

№	СОӨЖ тақырыптарының және этапсырмаларының мазмұны
1	Орта мектептегі дінтануды оқытудың қазіргі жағдайы.
2	Дінтануды оқыту әдістемесіне қатысты құқықтық және нормативтік құжаттарды, заңдарды және басқа деректерді оқып үйрену.
3	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының мазмұны мен сипаттамасы.
4	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда ұғымдарды қалыптастырудың жолдары. Нақты сабақты өткізу әдістемесінен мысал келтіріңіз.
5	«Дінтану негіздері» курсының оқытуда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану жолдары. Нақты сабақты өткізу әдістемесінен мысал келтіріңіз.
6	«Дінтану негіздері» курсының оқытуда дәстүрлі емес сабақтарды өткізудің тиімді жолдары. Нақты сабақты өткізу әдістемесінен мысал келтіріңіз.
7	«Дінтану негіздері» сабағында аудиовизуалдық оқыту құралдарын қолданудың тиімді әдіс-тәсілдері. Нақты сабақты өткізу әдістемесінен мысал келтіріңіз.

8	«Дінтану негіздерін» оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың әдістемесі.
9	«Дінтану негіздерін» оқыту үдерісіндегі өзіндік жұмыстардың түрлері.
10	«Дінтану негіздерін» оқытудағы сабақтан тыс жұмыстардың танымдық мүмкіншіліктері.
11	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін» оқыту әдістемесі мен қазіргі жағдайы.
12	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының тәрбиелік-танымдық потенциалы.
13	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың тиімді жолдары.
14	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда құжаттар мен деректерді қолдану технологиясы.
15	Жоғары оқу орны мен мектепте білім нәтижесін бақылау мен бағалаудың әдіс-тәсілдері.

Студенттердің өзіндік жұмысының тізімі

№	СӨЖ тақырыптарының және этапсырмаларының мазмұны
1	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының білімдік мәні мен рухани- адамгершілікке тәрбиелеудегі орны.
2	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда ұғымдарды қалыптастырудың тиімді әдістемелік жолдары.
3	«Дінтану негіздері» курсы оқытуда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану әдістемесі.
4	«Дінтану негіздері» курсы оқытуда дәстүрлі сабақтарды өткізудің тиімді жолдары.
5	«Дінтану негіздері» сабағында экрандық оқыту құралдарын қолданудың әдіс-тәсілдері.
6	«Дінтану негіздерін» оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалануда өз тәжірибеңізбен бөлісіңіз.
7	«Дінтану негіздерін» оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі.
8	«Дінтану негіздерін» оқытуда сабақтан тыс жұмыстардың оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі рөлі.
9	ЖОО «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін» оқып үйренудің қазіргі жағдайы.
10	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының дүниетанымдық қағидалары мен мазмұны.
11	Жоғары оқу орнында «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқыту әдістемесіндегі проблемалар.
12	1 «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсына лекция- семинар жүргізудің тиімді әдістері.
13	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытудағы семинар сабақтары мен оның өткізу әдістемесі.

14	«Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының оқытуда құжаттар мен деректерді қолданудың тиімді әдістері.
15	Жоғары оқу орнында студенттердің білім нәтижесін бағалау әдістемесі.

Бірінші ағымдық бақылауға арналған тапсырмалар үлгілері

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытуға, дін тарихы мен дінтануды оқыту мәселесі және жаңашыл технологияларды пайдалануға қатысты басты заңдары мен нормативті құжаттарының мазмұнын талдау.

2. Дінтануды оқыту жеке тұлғаның дамуы мен адамгершілікке тәрбиелеу құралы.

3. «Дінтану негіздері» курсының оқыту үдірісінде қазіргі заманғы әдістемелер мен ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы.

4. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсының мақсаты, функциялары, мазмұны мен құрылымы, негізгі ерекшеліктері.

5. Курстың оқушыларға зайырлы білім мен тәрбие беру жүйесіндегі орны мен қазіргі жағдайы.

6. «Дін», «дін тарихы», «дінтану», «тарих», «оқыту», «ақпарат», «технология», «педагогикалық технология», «ақпараттық технология» ұғымдарының мазмұны, олардың **өзара байланысы**.

7. Дінтануды оқыту әдістемесінің қазіргі даму жағдайына сипаттама.

8. «Дінтану негіздері» курсының оқыту үдірісіндегі дәстүрлі және интерактивті оқыту әдістерін пайдалану.

9. «Белсенділік», «инновация», «әдіс», «тәсіл», «интерактивті оқыту әдісі», «педагогикалық технология» ұғымдарының мәні.

10. Интерактивті оқыту әдістерінің ұстанымдары. Интерактивті оқыту әдістерін пайдаланудың мүмкіндіктері.

11. «Дінтану негіздері» курсының оқытудағы педагогикалық иновация, оның ерекшеліктері, озат мұғалімдер жұмысындағы жаңашылдық.

12. «Дінтану негіздері» курсының интерактивті оқыту әдістемесін пайдаланудағы оқушылардың өзара және оқушы мен мұғалімнің арасындағы іс-әрекеті.

13. «Дінтану негіздері» сабағында ақпараттық технологияны қолданудың мүмкіндіктері.

14. Дәстүрлі және дәстүрлі емес «Дінтану негіздері» сабақтарында ақпараттық технологияны пайдаланудың әдістемелік жолдары.

15. «Дінтану негіздері» курсының оқытуда педагогикалық технологияны пайдалану.

16. «Дінтану негіздері» курсының оқытудағы педагогикалық технологияның міндеттері мен функциялары, түрлі оқыту технологияларын пайдалану жолдары.

17. «Дінтану негіздері» курсының оқытуда техникалық және аудиовизуальдық оқыту құралдарын қолдану жолдары. Оқыту құралдары туралы жалпы сипаттама.

18. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда оқу-техникалық құралдар мен компьютерлік техника мүмкіндіктерін оқыту үрдісінде пайдаланудың тиімді әдіс- тәсілдері.

Екінші ағымдық бақылауға арналған тапсырмалар үлгілері

1. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

2. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда сабақтан тыс оқытудың оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудегі рөлі.

3. Жоғары мектепте «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытудың қазіргі кезеңдегі жағдайына сипаттама.

4. Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін оқытудың әдіснамалық негіздері.

5. Алғашқы деректер мен мәтіндер, олармен жұмыс істеу формалары. Дінтанушылық құжаттар мен деректерді оқып үйренудің әдістері мен тәсілдері.

6. «Дінтану негіздері» курсы оқушылардың білімін бағалаудың мақсаты, міндеттері мен талаптары, тиімділігі.

7. Семинар оның негізгі функциялары. Семинар сабақтарының түрлері. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелерін» оқытуда семинар сабақтарын өткізу әдістемесі.

8. Жоғары білім беру мемлекеттік стандарты мазмұнындағы дінтанушылық білім беру туралы.

9. Жоғары оқу орнында студенттердің білім нәтижесін бағалау әдістемесі.

10. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда студенттерді имандылыққа, толеранттылыққа тәрбиелеу жолдары.

11. Лекция оқу үдерісінің негізгі формасы ретінде. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда лекцияны жүргізудің тиімді әдіс- тәсілдері.

12. Өзіндік жұмысы және оның негізгі түрлері. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі.

13. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліктері, әдістері, оның негізгі түрлері мен қызметі.

14. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда қашықтан оқыту технологиясын пайдалану әдістемесі.

15. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда интерактивті оқыту технологиясын пайдаланудың тиімді жолдары.

16. Білім берудегі күзиреттілік және оны іске асыру.

17. «Дінтану негіздері» курсы оқытуда оқушылардың білімін тексеру мен бақылаудың формалары және ерекшеліктері.

18. «Дінтануды оқытудың өзекті мәселелері» курсы оқытуда студенттердің білім нәтижесін бағалаудың мақсаты, талаптары, оқытудың нәтижесі, оларды бағалау мен диагностикасының құралдары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Хуторской А.В. Современная дидактика. - М., 2004.
2. Студеникин М.Т. Методика преподавания истории. - М., 2003.
3. «Дінтану негіздері» курсына арналған бағдарлама. - Алматы, 2010.
4. Есім Ғ. «Дінтану негіздері»: 9 сыныпқа арналған оқулық. - Алматы: Білім, 2011. - 296 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-3 т. - Алматы: Атамұра, 1996-2002.

Қосымша әдебиеттер:

1. Национальный план действий по образованию в Республике Казахстан. - Алматы, 2002.
2. История религии. В 2-х томах. Учебник / Винокуров В.В., Забияко А.П., Лапина З.Г. и др. под общей ред. И. Н. Яблокова. - М., 2002.
3. Кривелев И.А. История религий. В 2-х томах. - М., 1988.
4. Религиозные традиции мира. - В 2-х томах. / пер. с англ. - М., 1996.
5. Поликарпов В.С. История религий: лекции и хрестоматия. - М., 1997.
6. Трофимов Я.Ф. Религия в Казахстане. - Алматы, 1996.
7. Беспалько В.П. Слабеемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. 192 с.
8. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. и др. Историческое образование в современной России. Справочно-методическое пособие для учителей. - М.: Русское слово, 1997.
9. Степанищев А.Т. Методика преподавания и изучения истории. В 2 частях. - М.: Владос, 2002.
10. Ислам. Религия, общество, государство. - М., 1984.
11. Тихонравов Ю.В. Религии мира. - М., 1996.
12. Токарев С.А. Религия в истории народов мира. - М., 1986.
13. Аханов Б. Дін және еркін ойшылдық. - Алматы, 1993.
14. Басилов В.Н., Кармышев Дж.Х. Ислам у казахов. - М., 1997.
15. Библия. Книги священного писания Ветхого и Нового завета. - М., 1993.
16. Большаков О.Г. Ислам: образ жизни и стиль мышления. - М., 1990.
17. Жумагулов К.Т. Очерк этногенеза, материальной и духовной культуры германцев на современном этапе исследования. Учебное пособие. - Алматы, 2000. - С. 96-130.
18. Журавский А.В. Христианство и ислам. - М., 1990.
19. Ислам. Энциклопедический словарь. - М., 1991.
20. Ислам әліппесі. - Алматы, 2000. - 280 б.

21. Бұлұтай М. Ж. Мұсылман қазақ еліміз. - Алматы, 2001. – 180 б.
22. Бұлұтай М. Ж. Ата баба діні. - Алматы, 2000. – 504 б.
23. Кобдикова Ж.У. Технологизация средней школы. - Алматы, 2002.
24. Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе. - М., 1999. - 320 с.
25. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: учеб. для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Владос, 2003. - 384 с.
26. Тенденции развития школьного образования в мировой практике. – М., 2002.
27. Лосев А.Ф. О методах религиозного воспитания //Вестник русского христианского движения. – 2007, №5.
28. Психология и педагогика: учебник / А.И. Кравченко. - М.: ИНФРА-М, 2013. - 400 с.
29. Смолянинова О.Г. Организация учебного процесса бакалавров/магистров педагогики в модульной кредитно-рейтинговой системе обучения. – Красноярск, 2009. - 294 с.
30. Замковая Н. Интерактивные методы преподавания. Настольная книга преподавателя. Часть 1. – СПб.: Златоуст, 2004.
31. Силласте Г.Г. Интерактивные методы преподавания курса социологии в финансово-экономическом вузе. - М., 2002.
32. Методика преподавания философии в современной высшей школе: [сборник статей] / Казан. гос. ун-т, Филос. фак.-Казань: Казан. гос. ун-та, 2008. - 91 с.
33. Шкарлупина Г.Д. Методика преподавания предметов культурологического цикла - Ростов-на-Дону: Феникс, 2005. - 252 с.
34. Подласый И.П. Педагогика: новый курс: учеб. для студентов высш. учеб. заведений. В 2 кн. - М.: Владос, 2003.
35. Соколов, Е. А. Психология познания: методология и методика преподавания: учеб. пособие. - М.: Логос, 2007. - 384 с.
36. Бендин А.М. Религиозная толерантность в Российской империи как этнообразующий и консолидирующий фактор вторая половина XIX - начало XX вв.) //Кафоликия: сборник научных статей / под ред. А.В. Данилова. - Минск: ТЕСЕЙ, 2003. - С. 96-108
37. Таенков Д.В. Программа факультатива «История русской православной церкви до начала XX в.» //Препод. истории в школе, 2002. - №9. – С. 63-67.
38. Программа факультативов духовно-нравственной направленности для светских учебных заведений. - Воронеж, 1998.
39. Курлаков А.Е. Курс «Религии мира» в общеобразовательной школе // Препод. истории в школе, 2001. - №3. - С.68-77.
40. Кудрявцева В. Программа факультативного курса «История православия» //Воскр. школ. - прил. к газ. П.С. - 2000. - №47. - С. 13.
41. Глебов А.Г. Курс «Религии мира» //Обществознание в shk., 1998. - №2. - С. 55-57.

42. Корнев В.И., Овчинников В.Г. Школ. курс «Религии мира» //Новая и новейшая история,1990. - № 3. - С. 201-202.

43. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. - М., 1995.

44. Ахматов А.Ф. Нравственность и одухотворенное образование // Педагогика, 2003. - №4. - С. 36-41.

Анықтамалық әдебиеттер

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: Каз.энц., 1999-2006. -1-12 том.

2. Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы: КСЭ, 1975.

3. Тарихи терминология сөздігі. - Алматы, 2005.

4. Педагогическая энциклопедия. - М., 2001.

5. Краткий педагогический словарь. - М.,1988. - 367 с.

6. Философиялық сөздік. - Алматы: ҚЭ, 1993. - 356 б.

7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылым түсіндірмесөздігі. Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. - 252 б.

8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1983.

9. Насырова М.Р., Тоқсанбай С.Р., Кулпыбаев С.К., Гуляева С.П. Современный экономический русско-казахский толковый словарь-справочник. – Алматы, 2003. – 880 с.

10. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық. Анықтамалық. - Алматы: ҚДИ. Тарихи тұлғалар, 1998

11. Словарь экономических терминов. - Алматы,1999.

Нормативтік әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, 2000.

2. Конституция Республики Казахстан в таблицах и схемах. – Алматы, 2003.

3. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан. - 2012.

4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми сайты Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //http://www.akorda.kz/ru/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1355499089 –

5.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауы «Әлеуметтік–экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты». - Астана, 2012.

6. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ресми сайты //http://www.akorda.kz/ru/page /page_vystuplenie-prezidenta-kazakhstana-pered-studentami-nazarbaev-universiteta_1346990218

7. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 15 желтоқсан. - 2013.

8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол // Егемен Қазақстан, 2014. - 11 қараша.

9. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму // <http://www.akorda.kz/kz/addresses/memleket-basshysyn-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2015-zhylgy-30-karasha>

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». – Астана, 2007.

11. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Республика ұстаздары, 2004. - 24 қаңтар.

12. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2004. - 16 қазан.

13. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

14. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы –Алматы,1997.

Құрастырғандар:

Әбдіғұлова Б.Қ. - Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.

Бакауова Г.Б. - Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы.